



Ерназарова Ф.Н.

АБАЙ ЖӘНЕ СОПЫЛЫҚ ІЛІМ

В этой статье рассматриваются вопросы и суфизма Абая Кунанбаева.

This article deals with the contribution of Abai Kunanbaev in sufism.

Қазақ ұлтының ұлы ақыны Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы өз дәүіріне дейінгі дүние данышпандарының даналық мәйегін толық менгерген және бүкіл көшпелілер әлемінін дүниетанымын, рухани болмысын, парасатын, көркем ойынын мүмкіндігін бойына сінірген, сол қасиеттері арқылы адамзат санасынын дамуына үлес қоскан дара тұлға. Абай 10 жасында Семей қаласындағы Ризаның медресесіне оқуға түседі. Бұл мешіттің ұстаздары сол замандағы алдыңғы катарлы жадидизм ағымында білім алған, иісі түркі мен мұсылман әлеміне танымдық жаңалық әкелген, дін мен ғылымды, азаматтықты ту етіп ұстаған Шаһабуддин Маржани мен Мұхаммед Габдукидін, Фазалидін жолын қуған оқымыстылар еди. Бұл медреседе ғылымның негізгі салаларының барлығы да оқытылатын. Абайдың таным көзі шәкірт кезінде ашылды.

Қырық жасынан бастап Абай ғылымға бет қояды. Өзінің бойындағы таланттың ұлтының рухани игілігіне қызмет етуге жұмылдырады. Шығыс тарихын, дүние тарихын, діни ағымдардың философиялары мен тәспірлерін, философия, жаратылыстану, мемлекеттер тарихы мәселелеріне зерттеуші ретінде қарады [1].

Ислам-соңғы, ері көміл дін болғандықтан адам өмірі мен оның қажеттіліктеріне толық жауап береді. Ал, адамның тек материалдық талаптары ғана емес, оның рухани сұраныстарының болатыны да белгілі. Міне, осындай қажеттіліктерге орай, исламның адамды ішкі рухани терендікке бастайтын ілімі ретінде сопылық ағым қалыптасқан.

Сопылық ілім исламға жат құбылыс емес. Сопылық, яғни тауасуф ілімі ежелгі үнді, грек немесе парсылық сенімдердің әсерінен туған немесе сырттан келген дүние емес, ол исламның қайнар бұлағынан туындаған рухани құндылық. Сондықтан, сопылық сөзі гректін «софос» сөзінен емес, арабтын «суф» деген сөзінен шыққандығы белгілі. Бастапқыда мұсылмандар «сопы» деп жүн шекпен күп жүретін тақуа жандарды айтқан екен.

Сопылық-Тәнірі алдында тізе бүгіп, катесін ұғып, тәубаға келіп, Абайша айтқанда «ынталы жүрек, шын көнілмен» егіліп, Жаратқанға жалбарынып, Құдайға құлшылық қылу [2].

Данышпан Абай өзінің рухани кемелденуіне қасиетті Құранды негіз еткені белгілі. Ол Құран Кәрімді жаксы біліп, рухани нәрін өзінің бойына толық қабылдай білген. Бұл сопылық дәстүр. Сопылардың рухани жолдағы алғашқы қадамы исламның негізгі қағидаларын өз бойларына сініріп, оларды өмір төртібі, құнделікті



тұрмыс көрінісі ретінде қабылдауға үйренеді. Ол үшін алғашқы сөтінен бастап қасиетті Құранды жадына сақтап, оны толығымен зерттейді. Сопылардың көпшілігі қасиетті Құранды түгелдей жатқа біліп, кари деңгейіне көтеріледі. Бұл рухани жетілуге керекті алғашқы шарт қана. «Шаригаттан» өтіп «Тарихатқа» жеткенде адам алған білімін бойына сініріп, оны өзінің мінезіне, өзіндік қасиетіне айналдырады.

Сопылық жолдағы адам әрі қарай үздіксіз тәжірибе, жаттығулар жасай отырып Хакпен байланыс орнатады, ол байланысты әрі қарай жетілдірсе, тек сонда ғана өмірдің негізгі мақсаты Тұп Иеге, Ҳақиқатқа жетеді. Сондықтан өмірдің негізгі мақсатына жеткізетін деңгейді сопылар «Хақиқат» деп атайды. Абайдың бұл жолды «бек шетін, бек нәзік» деп атауы тегін емес. Бұл сөздің үлкен мағынасы бар.

Абай ілімі бойынша: әлем өмірінің мақсаты-өзін Жаратушының ықпалымен өмір сұру. Кім болса да бір нәрсені жасаса, өзінін керегіне жарату үшін жасайтыны тәрізді, Жаратушы да әлемді жаратқанда тек өз ризалығы үшін жаратты. Себебі, Ол мәнгі, сондықтан Оның жаратылу себебі жоқ, керісінше, әуел бастан Оның өзінен басқа ешкім де, яғни басқа Жаратушы да жоқ [4].

Өз тілегімен, ляззат алу үшін, Жаратушы рухани болмысты жаратты. Бірақ кейбір жандар өздеріне берілген аздаған еркіндікті дұрыс пайдалана алмай, өздерінің міндеттін ұмытып, Жаратушының тілегін емес, өздерін қанағаттандырығысы келді. Бұл-білмestіk. Шексіз мейірімді Жаратушы ешкімнің еркіне қарсы емес, сондықтан Ол фәни болмысты жаратты да, Жаратушыны ұмытып, өздерін ляззаттандырығысы келген жандарды әркімнің қалауына қарай өз несібесімен баки әлемнен, яғни рухани өмірден фәни әлемге, яғни материалдық өмірге жіберді. Бұл материалдық әлем өздерінің қылмысы үшін өздерінің жазасын өтейтін абақты тәрізді. Осыдан фәни өмірдегі барлығымыз да Жаратушының ырқынан шыққан күнәшарлар екенімізді туғынан.

Абай мұрасындағы сопылық танымға, тұп иені танып білуге ұмтылған жантану іліміне жауыннан кейінгі саңырауқұлактай қаптап келе жатқан үаһнаббистер де қырын карауда. Түркістанның ілі атанған Яссауді құрметтеушілерді Аллаға серік қосу деп тыраштана терістеумен бірге біздің ғасырлар желісінде қалыптасқан ұлттық құндылықтарымызды да терістеп, өздері ұстанған жолбике «дініне» өздері ұстанған жат қалыпқа салуға ұмтылуда. Абай, Шәкірімді, тіпті, жаңа пайғамбар жасаушы ахмадия бағыты да жарнама ретінде пайдалануда. Бәрінің мақсаты біздің рухани тұтастырымызды бұзу [3].

Жаратушы шексіз мейірімді болғандықтан, бұл материалдық әлемде Ол ешкімді де жіберген қателіктері үшін жазаламайды. Жаратушы тек қана материалдық әлемнің заңдылығын ғана жасады, ал оны дұрыс, не болмаса бұрыс қолдануына байланысты өмірдің әділет заны бойынша әркім өмірдің рахатын, не болмаса қасіретін көреді. Абайдың айттынша, бұған Жаратушы арапаспайды. Осылайша әркім өзінің бақытын өзі жасайды. Бұл фәни өмірге әркім өздерінің қалауы бойынша ляззат алу үшін жіберілді. Бірақ материалдық әлем-рухани әлем емес. Рухани әлемде барлығы мәнгілікті, білімге және ляззатқа толы болса, материалдық әлемде барлығы керісінше, уақытша, білмestіkке және қайғы-қасіретке толы. Абай ілімі бойынша, бұл өмірдегі қызықтың барлығы да жалықтыратын, уақытша және шындығы жоқ жалған. Сондықтан әркім тіршілік барысында осыны туғынан керек. Сонда өмірдің басты мақсатын орындауға кейін қарай, Алла Тағалаға қайтуға мүмкіндік туды. «Өзге мақсат ақылға қона маекен!» -деуі сондықтан данышпаннанын.

Бұл мақсатка жету үшін әуелі білім алу арқылы білмestіkten арылу керек. Сонан соң Алла Тағалаға таза құлышылық жасаумен жүрек көзін ашып, Абай сөзімен айтқанда «сен де сүй Ол Алланы жаннан тәтті». Ол үшін «адамзаттын бәрін сүй бауырым деп». Сонда ғана кім болса да өзінің фәни әлемге келген мақсатына жете алады. Абай табиғи туғынікте былай қойғанда Алланың өзін сеніммен танып барып құлышылық етпеген пендені «жаннан қоры» деп есептейді [5].

Иман-Абай үшін жан бостандығының кепілі.

Абайдың:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз еш уақытта жалған болмас,
-деуі жай ғана уағыз емес.

Жан бостандығын, жан тазалығын Абай Алладан іздейді және Алланың ақ жолынан табады. Алладан өзгеге рухынды тәуелді етпе дейді. Ал Абай патша ағзамының қазақ халқын шоқындыру туралы жарлығы дайындалып жатқанын жақсы білген. Дінді өзгерту, Абай үшін рухани құлдыққа, басыбайлыққа тусу. Ол шырмауға бір түскен адам қайтып шыға алмайды. Қазақ елінің жағдайында бұл



толықтай ұлт ретінде жойылып кету деген сөз. Дінін сату - Абай үшін қасиетсіздіктің белгісі. Шоқынуды антүрғандық деп ұфады.

Жоғарыда Абайдың хал іліміне жақын түрғанын айттық. Негізі хал ілімі болып табылатын сопылық жолдың бағыты кемел адам тәрбиелеу. Кемел адам, Абайша айтқанда толық адам-өзінін қасиетіне, қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл адам. Ол-кісілікке жат қылыштардан әбден арылып тазарған, ішкі жан дүниесі ағарып, рухани қасиетке ие болған адам. Ұлы Абай кемел адамның сипаттары ретінде сыйдышқ, кәрам, ғакылды көрсетеді. Мұнда сыйдышқ әділетпен, кәрам шапағатпен, ғақыл дағылыммен астасып кетеді.

Сопылық жолды ұстанған Абай-қазактарды өзі ұстанған ағымға наңдырып, ілімнін түрғысынан насиҳаттап баяндау арқылы сіндіру деп білуінде жатыр. Өйткені бүгінгі қазак қауымының Абайды рухани әлемінің темірқазығы ретінде ұстанатын танымын жақсы біліп отыр [6.86].

Әдебиеттер:

1. Әлкожаев Қ. Абай және ислам діні: Абайдың ислам дініне көзқарасы // Ақиқат, № 8, 1998. 79-80 б.
2. Әлкожаев Қ. Абай эстетикасы және ислам. – Алматы, 2008.
3. Доссанқызы Қ. Абай неден түнілді? // Шапағат-Нұр, № 1, 2007.
4. Омаров Д. Абайдың рухани мұрасы немесе даныштан берген салауатты өмір тағлымы. – Алматы: Ел-шежіре, 2007.. 264 б.
5. «Үш Қиян» газеті, № 43, 2007.
6. Бекхожин Қ. Дәстүр және жаңашылдық. – Алматы, 1969.